« ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ №140 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ » КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ « КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №140 ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«01» 11 2024 ж/г. № 143 н/б

Қызылорда қаласы город Кызылорда

1-4 сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен тамақтандыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен 77 бөліміндегі барлық бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылсын.

2.2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-4 сынып білім алушыларының тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөліміне қарасты Абылай хан атындағы № 140 қазақ орта мектебінің 23.08.2024 ж.№46 келісім-шартына сәйкес ЖК «Беркенова» міндеттелсін.

3.Оқушылардың санын анықтап, тамақтану кестесін жасау, уақытын белгілеу мектеп әлеуметтік педагогы А.Құлжановаға тапсырылсын.

4.Оқушыларды белгіленген кестеге сәйкес уақытында ыстық тамаққа апару сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

5.Оқушылардың тамағына жоғары сапалы тағамдарды сертификатымен қабылдау қамтамасыз етілсін. Қадағалау мектеп медбикесі Ж.Ержановаға(келісім бойынша) міндеттелсін.

6.Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен 77 бөліміне сәйкес жұмыс жасау және қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Оспанова мен мектеп әлеуметтік педагогы А.Құлжановаға тапсырылсын.

7.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры **У.Баймбетов**

« ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ №140 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ » КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ « КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №140 ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«01» 11 2024 ж/г. № 144-ОН/Б

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия құру туралы

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығының 109 тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 236 бұйрығы) (2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығының 7-тарау 122-тармақшасын) 2024-2025 оқу жылында білім алушыларға тамақтануды ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөнінде төмендегі құрамда комиссия мүшелері бекітілсін.

1.У.Баймбетов- комиссия төрағасы, мектеп директоры

2.А.Оспанова-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3.Н.Нұрмаханов-қамқоршылық кеңес төрағасы

4.Н.Есдаулетов-ата-ана комитетінің төрағасы

5.А.Қалдыбаев- ата-ана комитетінің мүшесі

6.А.Құлжанова-әлеуметтік педагог

7.Ж.Ержанова-мектеп медбикесі

2.Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг жүргізілсін.

3.Білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы Абылай хан атындағы № 140 қазақ орта мектебінің 23.08.2024 ж №46 келісім-шартына сәйкес ЖК «Беркенова» міндеттелсін, бұйрықпен таныстырылсын.

4.Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан айындағы № 598 бұйрығының 109 тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 236 бұйрығы) (2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығының 7-тарау 122-тармақшасын) жұмыс жасау және осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Оспанова мен әлеуметтік педагог А.Құлжановаға жүктелсін.

Мектеп директоры **У.Баймбетов**

« ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ №140 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ » КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ « КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №140 ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«04» 11 2024 ж/г. № 144-1Н/Б

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Ресупбликасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына 2022 жылғы 8 тамыздағы 3 тармағына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.1-11 сыныптар бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты негізінде 327 білім алушы тегін тамақпен қамтамасыз етілсін. (қосымша 7 бет)

2. Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг жүргізілсін.

3.2024 жылдың 31 тамыз айынан бастап әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөліміне қарасты Абылай хан атындағы № 140 қазақ орта мектебінің 23.08.2024 ж.№46 келісім-шартына сәйкес ЖК «Беркенова»-ға міндеттелсін.

4.Перспективалық ас мәзірінің және тағамдар ассортиментінің тізбесі қалалық тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасымен бекітіліп, ауыз, су, дайын тағам өнімдер сапасының және мектеп асханасындағы II ауысымдағы оқушылардың тамақтануы кезіндегі санитарлық ережелердің сақталуын және асқазан, бауыр және басқа маңызды органдардың күрделі ауруына алып келетін коммерциялық сусындарды, тез дайындалатын тамақтарды (гамбургер, хот-дог, чипсы, сағыздар және т.б) сатуға тиым салынып, өнімдердің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың (сертификат, ветеринарлық анықтамасы) болуын қадағалау, ыстық тамақтың

сапасын, санитарлық гигиеналық талаптарын бақылау мектеп аяжаны Ж.Ержановаға міндеттелсін.

5.Оқушылардың тамаққа уақытылы баруы күнделікті тіркеліп, дәлелді себептермен сабақта болмаған жағдайда сынып жетекшілерінің ескертуін және сынып жетекшілерінің ай сайынғы мәлімет өткізуін қадағалау, асхана құжаттарын уақытылы өзгерістер енгізу мектептің әлеуметтік педагогы А.Құлжановаға жүктелсін.

6.Жалпы тамақтандыруға бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Оспановаға тапсырылсын.

Мектеп директоры **У.Баймбетов**

« ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ №140 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ » КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ « КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №140 ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«01» 11 2024 ж/г. № 144Н/Қ

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Асханада сатылуға тыйым салынған тағамдар туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 05 тамыздағы № 76 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Асханада санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы қатаң бақылауға алынып, қатық,айран, сүзбе, басқа қышқыл сүт өнімдерін, туралған ет қосылған құймақтарды, флотша макаронды, зельцтерді, форшмактарды, сілікпелерді, паштеттерді, кремі бар кондитерлік өнімдерді, морстарды, квастарды, фритюрде қуырылған өнімдерді, шала пісірілген, жұмыртқаны, күрделі (компоненттен артық) салаттарды қаймақ пен майонез қосылған салаттарды, окорачканы, саңырауқұлақты, үйде дайындалатын өнімдерді, тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізінде бірінші және екінші тағамдарды, газдалған, емдік және емдік асханалық минералдық сусындарды, диффузиялық қойылатын шырындарды (қаптамалаған) гамбургерлер, хот-догтарды, ащы тұздықтар, кетчуптерді, ащы дәмдеуіштерді, бұрыш, ақшелек, қыша) дайындау және өткізуге тиым салынсын.

2.Пастерленбеген сүтті, термиялық өңдеусіз сүзбені және қаймақты, суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін, ауыл шаруашылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтың сүтін және сүт өнімдерін, тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың сүт өнімдерін, құс етінен алынған құрамында алынған коллаген бар шикізатты, сойылған өнімді мал, құстың қайта мұздатылған өнімдерін, генетикалық түрлендірілген шикізаттар және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізаттарды, иодталмаған (фортификацияланбаған) жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмесін.

3.Оқушылардың тамағына жаңа жоғары сапалы тағамдарды сертификатымен қабылдау қамтамасыз етілсін. Қадағалау мектеп медбикесі Ж.Ержановаға міндеттелсін.

4.Барлық сыныптарда тағамдарды қолдану туралы тәрбие сағаттары, үгіт жұмыстары жүргізілсін және орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Оспанова, әлеуметтік педагог А.Құлжановаға жүктелсін.

5.Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

Мектеп директоры **Ұ.Баймбетов**

« ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ №140 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ » КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ « КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №140 ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«01» 11 2024 ж/г. №142 н/б

Қызылорда қаласы город Кызылорда

Оқушыларды таза ауыз сумен қамтамасыз ету туралы

Абылай хан атындағы № 140 қазақ орта мектебі бойынша 2024-2025 оқу жылында оқушыларды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Асханада таза ауыз сумен қамтамасыз ету мектеп асханасын жалға алушы І.Беркеноваға (келісім бойынша), мектепте таза ауыз судың болуын қамтамасыз ету шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Н.Садуоваға жүктелсін.

2.Мектеп санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына қатаң бақылау жасау мектеп аяжаны Ж.Ержановаға тапсырылсын.

3.Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Оспановаға міндеттелсін.

Мектеп директоры **У.Баймбетов**